

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Г. А. Жакпарова**

Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Мақалада педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығына зерттеу жүргізілген. Ең алдымен, оқу-танымдық іс-әрекетті зерттеудің өзектілігі анықталған. Оқу-танымдық іс-әрекетке қатысты отандық және шетелдік ғалымдар Н. А. Курдюкованың, С. Д. Смирновтың, М. Р. Шабалинаның, Н. В. Калининаның, Ш. Т. Таубаеваның, А. Қ. Рысбаеваның, Н. А. Құлмышеваның, Д. А. Жансерикованың еңбектеріне талдау жасалынды. Осы тақырып аясында жүргізілген зерттеулерге талдау жасалынып, тақырыптың қарама-қайшылықтары, мақсат, міндеттері анықталды. «Оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық» ұғымының мағынасын түсіну үшін «табыстылық», «іс-әрекет табыстылығы», «оқу әрекетінің табыстылығы», «танымдық әрекет табыстылығы» категорияларына бөліп қарастырып, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық аспектіде талданды. «Оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық» ұғымының мәнін ашу үшін, Г. Асқарованың, Г. К. Ордабаеваның, Е. Ж. Рысбаевтың, М. И. Махмұтовтың, Г. М. Мадиярованың, А. Усенованың, А. Қ. Рысбаеваның, М. В. Францеваның еңбектеріне сүйене отырып, контент-талдау жасалынды. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын анықтау мақсатында А. К. Усенованың «Табысқа жетудің оң және теріс факторлары» сауалнамасын, Т. Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесін қолданып, зерттеу жүргізіліп, нәтижелері шығарылды.

Кілтті сөздер: табыстылық, оқу-танымдық табыстылық, студент, педагогикалық оқу орны, оқу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет.

Кіріспе

Болашақ педагогтарды кәсіби құзіреттілігін қалыптастырып, жан-жақты дамыған, заманауи қарқынмен бірге жүре алатындай етіп тәрбиелеуде студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын дамытудың маңызы зор. Өйткені, біз осы студент бойында оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамыту арқылы оған табысты өмір сүруіне жол ашамыз. Ал, оқу-танымдық іс-әрекеті дамыған студент – ол белсенді, ұшқыр ойлы, ізденімпаз, бәсекеге қабілетті болып келеді.

Психология мен педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі – жастардың жеке тұлғасының дамуы. Жеке тұлғаның дамуына студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыру, қазіргі заман талабына сай оны оқу үрдісінде жетілдіру болып есептеледі. Студенттер алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана алуы керек және олардың танымдық іс-әрекеттер ұстанымдарына негізделіп қалыптасқаны жөн. Танымдық іс-әрекеттер оқыту үрдісінде қалыптасып, тұлғалардың бірлесе жұмыс жасау нәтижесінде одан әрі дамиды.

Оқу-таным теориясы туралы ежелгі ойшылдар Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель өздерінің даналық сөздерінде тілге тиек етеді. Іс-әрекет табыстылығын дамытудың маңызы туралы тарихи тұлғалардың, ұлы ғұламалардың еңбектерінен көруге болады. Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари еңбектерінде, білімді болу деген – жаналық ашуға қабілетті болу, білім кімде сол білікті болады, ақыл адамның серігі екендігі және т.б. өздерінің білдірген ойларының астары бүгінгі күндегі оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамытудың қажет екендігін дәлелдей түседі [1].

Бұл тақырып аясында отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулер жүргізген. Атап айтар болсақ, оқу іс-әрекетінің табыстылығын бағалауды Н. А. Курдюкова [2], университет студенттерінің табысты оқуының психологиялық факторларын С. Д. Смирнов [3], студенттердің академиялық табыстылығын арттыруды М. Р. Шабалина [4], оқушыға әлеуметтік табысқа жету жолдарын Н. В. Калинина [5], оқу процесінде табысқа жетудегі әдістемелік көмекті Ш. Т. Таубаева [6], қызметтің табыстылығын дамытуды педшагогикалық категория ретінде А. Қ. Рысбаева [7], ЖОО студенттерінің оқу-танымдық табыстылығын қалыптастыруды Н. А. Кулмышева [8], студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсер етуін зерттеуді Д. А. Жансерикова [9] және т.б. қарастырады.

Дегенмен, ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамыту мәселесінің арнайы зерттеу нысаны болмағандығын көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы рухани жаңғыру жағдайында педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамытуда:

– педагогикалық оқу орындарында жоғары сапалы маман даярлау жүйесінде оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығының ғылыми-теориялық және практикалық негіздерінің жеткілікті деңгейде қарастырылмауы арасындағы;

– тұлғаның әрекет түрлерінде жетістіктерге жетуді қажетсінуі мен педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табысты етуге даярлау әдістемесінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр.

Осы бөліп қарастырылған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, біздің мәселемізді айқындауға және зерттеу жұмысымыздың өзектілігін анықтап береді.

Зерттеу мақсаты: жоғары оқу орны студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық жолдары теориялық тұрғыдан негіздеп, педагогикалық-тәжірибелік жұмыс арқылы қамтамасыз ету.

Осы мақаладағы зерттеу міндеттерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады:

- 1) «оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық» ұғымының мәнін ашу;
- 2) студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығының даму деңгейін эксперименттен өткізу;
- 3) педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылығын дамытуға ұсыныстар беру.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық *талдау*, *жүйелеу*, *жалпылау*, *сауалнама*, *тест және статистикалық (зерттеу нәтижелерін математикалық-статистикалық оңдеу)* зерттеу әдістері қолданылды.

«Оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық» ұғымының мағынасын түсіну үшін оны келесідей категорияларға бөліп қарастыруға болады. Олар: «табыстылық», «іс-әрекет табыстылығы», «оқу әрекетінің табыстылығы», «танымдық әрекет табыстылығы». «Табыстылық» ұғымын түсіну үшін «табыс» ұғымына тоқталған жөн. Қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде «табыс» ұғымын әртүрлі аспектілерде қарастырады:

Психологиялық аспектіде: «табыс» дегеніміз қуаныш жағдайын сезіну, жеке басының күткен үмітпен, үміттерге талап деңгейіне сәйкес келетін нәтиже немесе оның асып түскен нәтижесінен қанағаттану;

Әлеуметтік-психологиялық аспектіде: «табыс» басқалардың үміттері, тұлға және іс-әрекет нәтижесі арасындағы оңтайлы ара қатынасы ретінде қарастырылады, егер адамның үміттері басқа адамдар күтуіне сәйкес келетін болса, адам үшін ең маңыздысы, табысқа жету туралы айтуға болады;

Педагогикалық аспектіде: «табыс» білім беру мен оқыту процесінде табысқа қол жеткізген адамға тән қасиет деп қарастырылады. Бұл баланың мектептегі жетістігі және мұғалімнің оқушыларды тәрбиелеудегі жетістіктері және ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі табысы болуы мүмкін.

Осылайша, «табыс» ұғымы тар және кең мағынада қарастырылуы мүмкін. Тар мағынасы адам үшін маңызы бар іс-әрекеттің нақты нәтижесін бағалауы болса, ал кең мағынада, табысқа жету адам өміріндегі жетістікке жетіп, өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға ұмтылу арқылы жетістікке жетуі.

Отандық ғалым Н. Кулмышева өз зерттеулерінде: «Оқу-танымдық іс-әрекет – студенттердің ақыл-ой белсенділігі және оның өздігімен ізденіп оқуға мүмкіндік беретін әрекеті» - деп қарастырған [8].

М. Қ. Бапаева өзінің «Студенттердің психологиялық білім мен дағдыларды игеруі және танымдық іс-әрекет» атты мақаласында, «Оқу іс-әрекетінің табыстылығы – студенттердің білімі мен дағдылары, негізінен танымдық іс-әрекеттері арқылы қалыптасады. Оқыту әрекетінде студенттердің қызығушылығы, қабілеттері, мотивтері ниеттері, темпераменті мен мінезі тағы басқа да психикалық қырларынан көрінеді. Сондықтан оқытушылар негізгі мақсатқа жету – қандай психикалық процестер, жағдайлар мен қасиеттерге байланысты екенін ажырата білуі керек. Оқу материалдарын қалай ұтымды пайдалану, теориялық және практикалық даярлығы бар болашақ мамандарды жан-жақты дамытуға қажетті оқыту жағдайларын да білуі қажет» – деп атап көрсетеді [10].

Г. Асқарова «Танымдық іс-әрекетті қалыптастыру» атты мақаласында «Танымдық іс-әрекет – оқу үрдісінің құрамына кіретін, арнаулы оқу орындарында қалыптасатын күрделі психологиялық білім» – деген түсініктеме береді [11].

Таным теориясы оқу әрекетіне тікелей қатысты екені бәрімізге мәлім. Білім игеру әрқашан таныммен байланысты келеді. Сондықтан оқу және таным әрекеттері бір-бірімен тығыз байланысты, сол үшін оларды бірге қарастырып, келесідей контент-талдау жүргізгенді жөн көрдік (1-кесте).

Кесте 1 – «Оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық» ұғымына контент-талдау

Анықтамалар	Авторлар
Танымдық іс-әрекет – оқу үрдісінің құрамына кіретін, арнаулы оқу орындарында қалыптасатын күрделі психологиялық білім.	Г. Асқарова [11]
Студенттердің танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажеттілігін, белсенділігі мен іздемаздылығын көрсететін танымдық, еріктік, сезімталдық үрдістер мен мотивтері тұтастығы нәтижесінде студенттердің интеллектуалды, жеке қасиеттерін және кәсіби маңызды біліктілігін дамытатын, оқу материалдарының мазмұны мен көлемін меңгеруге бағытталған оқу іс-әрекеті.	Г. К. Ордабаева [12]
Оқу-танымдық іс-әрекет – бұл арнайы оқушының өзі ұйымдастырған және адамзат баласы жинақтаған мәдени байлықты игеру мақсатында сырттай тану.	Е. Ж. Рысбаев [13]
Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің ақыл-ой белсенділігі және оның өздігінен ізденіп оқуына мүмкіндік беретін әрекеті.	М. И. Махмутов [14]
Табыстылық – жеке тұлғаның әлеуметтік өлшемі, адамның әлеуметтік мәртебесінің ерекше көрсеткіші, жауапкершілікті сезіну, мақсатқа жетуді сезіну немесе қоғам алдындағы жетістіктерге жету қажеттілігі.	А. Усенова [15]
Іс-әрекет табыстылығы – тиімді оқыту мен тәрбиенің маңызды ішкі өлшемі.	А. Қ. Рысбаева [7]
Іс-әрекет табыстылығы – студенттің белсенділігінің дамуына ынталандырушы әсер ететін педагогиканың категориясы	Н. А. Курдюкова [2]
Студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетінің табыстылығы – адамның білім деңгейіне және кәсіптік даярлық деңгейіне қанағаттануының психологиялық жай-күйін білдіреді, ол шағымдар мен өзін-өзі бағалаудың тұрақтылығынан көрінеді, сондай-ақ студенттің білім беру және кәсіптік өсуі мен академиялық белсенділігінің жағымды перспективасын сақтайды.	М. В. Францева [16]

А. Қ. Рысбаеваның зерттеулерінде педагогика ғылымында «іс-әрекеттің табыстылығы» ертеден қалыптасқан категория екендігі және оның білім беру, оқыту, тәрбие, әлеуметтендіру т.б. негізгі категориялармен тығыз байланыстылығын ашып көрсетеді. Ғалым педагог «іс-әрекеттің табыстылығы табысты оқыту мен тәрбиенің маңызды ішкі өлшемі, табыстылық ХХІ ғасырдағы педагогика ғылымының басты категориясы болып табылады» – деп тұжырымдайды [7].

Ғалымдардың берген анықтамалары мен ой-пікірлерін талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады, «Оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық – оқу және таным үрдісін жетілдіру арқылы жеткен жетістік».

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын қалыптастыруда өзінің оқу үдерісінің жекеленген кезеңдерінде мақсат қою ептілігі болмаса, мотивтің қатысуы жеткіліксіз болады.

Бұл педагогтарды ынталандыру жұмыстары студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын арттыруға мүмкіндіктер береді.

Сонымен қатар, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын анықтау мақсатында келесі әдістемелер қолданылды:

1) «Табысқа жетудің оң және теріс факторлары» сауалнамасы (А. К. Усенова) [15];

2) «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т. Элерс) [17].

Нәтижелер мен талқылау

Педагогикалық оқу орын студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің табыстылығын зерттеу тәжірибелік-эксперименттік жұмысымызды бастауға септігін тигізді. Эксперимент психологиялық-педагогикалық пәндерді жүргізу барысында Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті және Ә. Бөкейханов университетінде өтті.

Екінші курс студенттері жыл сайын эксперименталды және бақылау топтарының мынадай қатысымдық санына байланысты ұйымдастырылды: 48 студент эксперимент тобына (ЭТ), 50 студент – бақылау тобы (БТ), барлығы – 98 студент. Педагогикалық-тәжірибелік жұмыс 2021 жылдан бастап қолға алынды, біз тәжірибеден алынған нәтиженің уақытын 2021–2022 жж. шектеп отырған себебіміз, эксперименттің басындағы 2–3 курс студенттері аталмыш жылдары соңғы бітіруші түлектер ретінде қорытынды нәтижені байқатты.

А. М. Усенованың «Табысқа жетудің оң және теріс факторлары» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша бақылау тобында табысқа жетудегі оң факторлар: ыңғайлы сабақ кестесі 25 %, жұмысты орындаудағы қызығушылық 21 %, жеке жұмыс тәжірибемнің болуы 14 %, шығармашыл оқытушылардың болуы 40 %, ал табысқа жетудегі теріс факторларға: сабақ кестесі ыңғайсыз 22 %, қолдан келмейтін немесе қызығушылық тудырмайтын тапсырмалардың берілуі 34 %, басқа жұмыстардың кедергі болуы 18 %, іс-шараларды атқаруға уақыттың жетіспеушілігі 26 % көрсетті.

Эксперимент тобының жауаптары, табысқа жетудегі оң факторлар: ыңғайлы сабақ кестесі 18 %, ұйымдағы қолайлы ахуал 13 %, тұрақты бақылаудың болуы 21 %, студенттердің тұлғалық өсуіне мән беретін мұғалімдердің болуы 28 %, шығармашылық іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы 20 % көрсетсе, ал табысқа жетудегі теріс факторлар: тым тығыз жұмыс

жоспары 31 %, ұйымдағы қолайсыз ахуал 9 %, қоғамдық іс-шаралардың жүйесіз өткізілуі 14 %, мұғалімдердің біліксіздігі 12 %, қолдан келмейтін немесе қызығушылық тудырмайтын жұмыстардың тапсырылуы 34 % көрсетті (2-кесте).

Кесте 2 – «Табысқа жетудің он және теріс факторлары» сауалнамасының көрсеткіштері (А. К. Усенова сауалнамасы негізінде)

	Табысқа жетудегі он факторлар	Пайыздық үлеспен (%)	Табысқа жетудегі теріс факторлар	Пайыздық үлеспен (%)
Бақылау тобы (50 студент)	Ыңғайлы сабақ кестесі	25 %	Сабақ кестесі ыңғайсыз	22 %
	Жұмысты орындаудағы қызығушылық	21 %	Қолдан келмейтін немесе қызығушылық тудырмайтын тапсырмалардың берілуі	34 %
	Жеке жұмыс тәжірибемнің болуы	14 %	Басқа жұмыстардың кедергі болуы	18 %
	Шығармашылықты оқытушылардың болуы	40 %	Іс-шараларды атқаруға уақыттың жетіспеушілігі	26 %
Эксперимент тобы (48 студент)	Ыңғайлы сабақ кестесі	18 %	Тым тығыз жұмыс жоспары	31 %
	Ұйымдағы қолайлы ахуал	13 %	Ұйымдағы қолайсыз ахуал	9 %
	Тұрақты бақылаудың болуы	21 %	Қоғамдық іс-шаралардың жүйесіз өткізілуі	14 %
	Студенттердің тұлғалық өсуіне мән беретін мұғалімдердің болуы	28 %	Мұғалімдердің біліксіздігі	12 %
	Шығармашылық іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы	20 %	Қолдан келмейтін немесе қызығушылық тудырмайтын жұмыстардың тапсырылуы	34 %

Келесі кезекте, «Тұлғаның табысқа жетудегі түркісін диагностикалау» әдістемесі жүргізіліп, келесідей көрсеткіштерге ие болды: бақылау тобында табысқа жетуге деген мотивацияның төменгі деңгейі 38 % болса, ал эксперимент тобында 48 %-ды құрады. мотивацияның орташа деңгейі

бақылау деңгейінде 50 % көрсетсе, ал эксперимент тобында 46 %-ды көрсетті, мотивацияның жоғары деңгейі бақылау тобында 8 % көрсетсе, ал эксперимент тобында 4 % көрсетті, табысқа жету мотивациясы өте жоғары бақылау тобында 4 % көрсетсе, ал эксперимент тобында 2 % көрсетті (3-кесте).

Кесте 3 – «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесінің көрсеткіштері

Деңгейлері	Бақылау тобы (50 студент)		Эксперимент тобы (48 студент)	
	Сандық үлеспен	Пайыздық үлеспен (%)	Сандық үлеспен	Пайыздық үлеспен (%)
Табысқа жетуге деген мотивацияның төменгі деңгейі	19	38	23	48
Мотивацияның орташа деңгейі	25	50	22	46
Мотивацияның жоғары деңгейі	4	8	2	4
Табысқа жету мотивациясы өте жоғары	2	4	1	2

Зерттеу нәтижелерін жүргізе келе, педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасы оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамытудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңдерін іске асыруға мүмкіндіктер береді. Сонымен диагностиканың негізгі мақсаты әртүрлі салалардағы әрекеттер факторларының мазмұнын ашу, педагогикалық жұмыстардың әдіснамасы мен әдістемесінің жасаудың ғылыми негіздерін құру болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында жасалған теориялық талдаулар барысы мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

– студенттердің, әсіресе педагогикалық оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамыту және анықтау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Өйткені табысты студент – ол табысты маман. Табысты маман – еліміздің жарқын болашағы;

– зерттеу барысында, «оқу әректі», «оқу-танымдық іс-әрекет», «табыс», табыстылық», «оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығы» ұғымдарына берілген анықтамаларды саралай келе, оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығы дегеніміз – студенттердің білімі мен дағдылары, негізінен танымдық іс-

әрекеттері арқылы қалыптасады, яғни оқу әрекетін табысты қылу ол тікелей таным әрекетіне байланысты деген тұжырым жасауға болады.

Зерттеу нәтижелерін саралай келе, педагогикалық жоғары оқу орнының студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамыту мақсатында төмендегідей ұсыныстар берілді:

– ЖОО-ның университет көлемінде студенттердің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамыту мәселесі төңірегінде оқытушыларға арналған семинарлар мен дәрістер циклы ұйымдастырылса және т.б.

Зерттеу жұмысымызда осы мәселелер толық шешімін тапты деуге болмайды. Келешекте зерттеу мәселесі техникалық жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамытуды қарастыру болып отыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Бержанов, К., Мусин, С.** Педагогика тарихы [мәтін]. 1-ші бас., өнд. – Алматы : Мектеп, 1984. – 226 б.

2 **Курдюкова, Н. А.** Оценивание успешности учебной деятельности как психолого-педагогическая проблема [текст]: дисс. к.псих.н. – СПб, 1997. – 159 с.

3 **Смирнов, С. Д.** Психологические факторы успешной учебы студентов вуза [текст] // Вестник Московского университета Серия 20: Педагогические образование. – 2004. – № 1. – 10–35 с.

4 **Шабалина, М. Р.** Педагогические условия повышения академической успешности студентов [текст] : дисс... кандидата педагогических наук : М., 2010. – 215 с.

5 **Калинина, Н. В.** Психологическая помощь учащимся в достижении социальной успешности [текст] // Педагогическая наука: история, теория, практика, тенденция развития. – 2010. – № 3. – 15–21 с.

6 **Таубаева, Ш. Т.** Научно-педагогическое исследование: методология и методика [текст] : учебное пособие. – Алматы, 2010. – 238 с.

7 **Рысбаева, А. К.** Методология развития успешности деятельности как категории педагогики [текст] : автореф. ... д.п.н.: 13.00.01 – Алматы : Каз.Гос. Жөн.П.И., 2004. – 53 с.

8 **Кулмышева, Н. А.** Жоғары оқу орын студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары [мәтін] // п.ғ.к. дисс... авторефераты. – Алматы, 2010. – 30 б.

9 **Жансерикова, Д. А.** Студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жансақ нанымдардың әсер етуін зерттеу [мәтін]

: психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. – Алматы, 2010. – 25 б.

10 **Бапаева, М. Қ.** Студенттердің психологиялық білім мен дағдыларды игеруі және танымдық іс-әрекет [мәтін] // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2010. – № 3. – 29–36 б.

11 **Асқарова, Г.** Танымдық іс-әрекетті қалыптастыру [мәтін] // Қазақстан мектебі. – 2007. – № 2. – 23–25 б.

12 **Ордабаева, Г. К.** Студенттерде танымдық іс-әрекетті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері [электронды нұсқа] // <http://izdenister.kaznau.kz>

13 **Рысбаев, Е. Ж.** Қазіргі ауыл мектептерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру [мәтін] : педагогика ғыл.канд. ғыл.дәр.алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Түркістан, 2008. – 25 б.

14 **Махмутов, М. И.** Проблемное обучение : основные вопросы теории [текст]. – М. : Педагогика, 1975. – 368 с.

15 **Усенова, А. М.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту [мәтін] : философия докторы (PhD) дисс... – Алматы, 2016. – 197 б.

16 **Францева, М. В.** Успешность учебно-профессиональной деятельности студентов медицинского вуза как следствие развития их языковой способности [текст] // Научно-теоретический журнал «Научные проблемы гуманитарных исследований». – Пятигорск, 2008. – 85–94 с.

17 **Райгородский, Д. Я.** Практическая психодиагностика. Методики и тесты [текст] / Д. Я. Райгородский – М. : Изд-во Бахрах-М, 2006. – 480 с.

REFERENCES

1 **Berjanov, Q., Mýsm, S.** Pedagogika tarhy [History of pedagogy] [mátin]. 1-shi bas., ónd. – Almaty : Mektep, 1984. – 226 p.

2 **Kýrdýkova, N. A.** Otsenivanie ýspeshnosti ýchebnoi deiatelnosti kak psihologo-pedagogicheskaiya problema [Evaluation of the success of educational activity as a psychological and pedagogical problem] [tekst]: diss. k.psh.n., SPb, 1997. – 159 p.

3 **Smirnov, S. D.** Psihologicheskie faktory ýspeshnoi ýcheby stýdentov výza [Psychological factors of successful students' university] [tekst] // Vestnik Moskovskogo ýniversiteta Seriya 20: Pedagogicheskie obrazovanie. – 2004. – № 1. – 10–35 p.

4 **Shabalina, M. R.** Pedagogicheskie ýslovia povysheniya akademicheskoi ýspeshnosti stýdentov [Pedagogical conditions for increasing the academic success of students] [tekst] : diss... kandidata pedagogicheskikh náyk. Moscow, 2010. – 215 p.

5 **Kalmna, N. V.** Psichologicheskaja pomo ýchaimsia v dostijenni sotsialnoi ýspeshnosti [Psychological help to students in achieving social success] [Text] // Pedagogicheskaja naýka: istoria, teorija, praktika, tendentsia razvitiia. – 2010. – № 3. – 15–21 p.

6 **Taýbaeva, Sh. T.** Naýchno-pedagogicheskoe issledovanie: metodologija i metodika [Scientific and pedagogical study: methodology and methodology] [Text] : ýchebnoe posobie. – Almaty, 2010. – 238 p.

7 **Rysbaeva, A. K.** Metodologija razvitiia ýspeshnosti deiatelnosti kak kategori pedagogiki [Methodology of development of successful activity as a category of pedagogy] [tekst] : avtoref. ... d.p.n.: 13.00.01 – Almaty : Kaz.Gos.JenPI, 2004. – 53 p.

8 **Kýlmysheva, N. A.** Joǵary oqý oryn stýdentteriniń oqý-tanymdyq is-áreketi tabystylyǵyn qalyptastyrdyń pedagogikalyq sharttary [Pedagogical conditions for the formation of the success of educational and cognitive activity of students of a higher educational institution] [mátin] // p.ǵ.k. diss... avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 30 p.

9 **Janserikova, D. A.** Stýdentterdiń tanımdyq is-áreketi motivatsiasyna jalpy maǵynalyq qor qurý men jańsaq nanymdardyń áser etýin zertteý [Study of the influence of general meaning foundation and false beliefs on the motivation of students' cognitive activity] [mátin] : psihologua ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndaǵan dissertatsıa avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 25 p.

10 **Bapaeva, M. Q.** Stýdentterdiń psihologualyq bilim men daǵdylardy ıgerýi jáne tanımdyq is-áreket [Students' acquisition of psychological knowledge and skills and cognitive activity] [mátin] // QazUÝ habarshysy. Psihologua jáne sotsiologua seriasy. – 2010. – № 3. – P. 29–36.

11 **Asqarova, G.** Tanymdyq is-áreketi qalyptastyry [Formation of cognitive activity] [mátin] // Qazaqstan mektebi. – 2007. – № 2. – 23–25 p.

12 **Ordabaeva, G. K.** Stýdentterde tanımdyq is-áreketi qalyptastyrdyń psihologualyq-pedagogikalyq negizderi [Psychological-pedagogical foundations of formation of cognitive activity in students] [Electronic resource]. – <http://izdenister.kaznau.kz>

13 **Rysbaev, E. J.** Qazirgi aýyl mektepterinde oqýshylardyń oqý-tanymdyq is-áreketin belsendirý [Activation of educational and cognitive activities of students in modern rural schools] [mátin] : pedagogika ǵyl.kand. ǵyl.dár.alý úshin dai. diss. avtoreferaty. – Túrkiстан, 2008. – 25 p.

14 **Mahmytov, M. I.** Problemnoe obyçhenie [Problem-based learning: basic questions theory]: osnovnye voprosy teorii [tekst]. – Moscow : Pedagogika, 1975. – 368 p.

15 **Ýsenova, A. M.** Bolashaq bastaýysh synyp muǵalimderiniń áleymettik tabystylyǵyn damytý [Development of social success of future primary school teachers] [mátin] : filosofıa doktory (PhD) diss... – Almaty, 2016. – 197 p.

16 **Frantseva, M. V.** Úspěšnost ýčebno-profesionalnoi deiatelnosti stýdentov meditsinskogo výza kak sledstvie razvítia ih íazykovoí sposobnosti [The success of the educational and professional activity of students of the medical university as a consequence of the development of their language ability] [tekst] // Naýchno-teoretichesku jýrnal «Naýchnye problemy gýmanitarnyh issledovaní», Ptatigorsk, 2008. – 85-94 p.

17 **Raigorodskii, D. Ia.** Prakticheskaia psihodiagnostika. Metodíkí i testy [Practical psychodiagnosis. Methodology and test] [tekst] / D. Ia. Raigorodskii – Moscow : Izd-vo Bahrah-M, 2006. – 480 p.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

*Г. А. Жакпарова

Университет имени Шакарима,

Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

ИССЛЕДОВАНИЕ УСПЕШНОСТИ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА

В статье проведено исследование успешности учебно-познавательной деятельности студентов педагогического вуза. Прежде всего, определена актуальность изучения учебно-познавательной деятельности. Проведен анализ трудов отечественных и зарубежных ученых Курдюковой Н. А., Смирнова С. Д., Шабалиной М. Р., Калининой Н. В., Таубаевой Ш. Т., Рысбаевой А. К., Кулмышевой Н. А., Жансериковой Д. А. В рамках данной темы проводился анализ проведенных исследований, определяются противоречия, цели, задачи темы. Для понимания смысла понятия «успешность в учебно-познавательной деятельности» анализируется в психологическом, социально-психологическом, педагогическом аспектах с разбивкой на категории «успешность», «успешность деятельности», «успешность учебной деятельности», «успешность познавательной деятельности». Для раскрытия сущности понятия «успешность в учебно-познавательной деятельности» был проведен контент-анализ, основанный на работах Аскаровой Г., Ордабаевой Г. К., Рысбаева Е. Ж., Махмутова М. И., Мадияровой Г. М., Усеновой А., Рысбаевой А. К., Кожсабековой А. Д., Францевой М. В. С целью определения успешности учебно-познавательной деятельности

студентов было проведено исследование с использованием опросника Усеновой А. К. «Положительные и отрицательные факторы успеха», методики Элерса Т. «Диагностика личностной мотивации успеха» и определены результаты.

Ключевые слова: успешность, учебно-познавательная успешность, студент, педагогическое учебное заведение, учебная деятельность, познавательная деятельность.

**G. A. Jakparova*

Shakarim University of Semey,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Material received on 14.09.22.

RESEARCH ON THE SUCCESS OF EDUCATIONAL-COGNITIVE RESPONSIBILITY OF STUDENTS OF PEDAGOGICAL UNIVERSITY

In the article, a study of the success of educational and cognitive activities of students of a pedagogical university was carried out. First of all, the relevance of learning educational activity is determined. An analysis of the works of domestic and foreign scientists Kurdyukova N. A., Smirnova S. D., Shabalina M. R., Kalinina N. V., Taubaeva Sh. T., Rysbaeva A. K., Kulmysheva N. A., Zhanserikova D. A. was carried out. Within the framework of this topic, an analysis of the conducted studies was carried out, contradictions, goals, and objectives of the topic were determined. To understand the meaning of the concept of «success in educational and cognitive activity» it is analyzed in psychological, social-psychological, pedagogical aspects with a breakdown into categories «success», «success in activity», «success in educational activity», «success in cognitive activity». To reveal the essence of the concept of «success in educational and cognitive activity», a content analysis was conducted based on the works of Askarova G., Ordabaeva G. K., Rysbaeva E. J., Makhmutova M. I., Madiyarova G. M., Usenova A., Rysbaeva A. K., Kojabekova A. D., Franitseva M. V. In order to determine the success of educational and cognitive activities of students, a study was conducted using A. Usenova's questionnaire «Positive and negative factors of success», T. Elers' methodology «Diagnostics of personal motivation of success» and the results were determined.

Keywords: success, educational and cognitive success, student, pedagogical educational institution, educational activity, cognitive activity.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Мб RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz